

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Өрік»

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.02.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/131497/

Атырау қаласы, Құрманғазы ауданы

«Өркен» бөбекжай балабақшасы

«Құлыншақ» тобы

Тәрбиеші: Атамбекова А.А.

Білім беру саласы: «Шығармашылық»**Бөлімі:** «Сурет салу»**Тақырыбы:** «Өрік»**Мақсаты:** балалардың дәстүрден тыс тәсілмен сурет салу біліктерін қалыптастыру.**1. Білімділігі:** Жемістер жайлы түсініктерін кеңейту. Сары түсті бояумен дайын табақша пішініне, өріктің бейнесін сұқ саусақпен салуға үйрету.**2. Дамытушылығы:** Ойлау қабілеттерін арттыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.**3. Тәрбиелігі:** Ұқыптылыққа, әсемдікке тәрбиелеу.**Әдіс-тәсілдері:** Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, тосын сый, ойын.**Көрнекіліктері мен құралдар:** жемістердің суреті, себеттегі муляждар, қапшық, екі бөлікке қиылған жемістер, әр балаға табақшаның суреті, субояқ, сүлгі.**Сөздік жұмыс:** өрік**Билингвалды компонент:** өрік-абрикосӘрекет
кезеңдері

Тәрбиеші іс-әрекеті:

Баланың іс-әрекеті

<p>Мотивациялық қозғаушылық</p>	<p>Шаттық шеңбері: (ведиороликпен көрсету.) Сәлем, сәлем! Шапалақ соғайық. Көкке керіліп, Аяқты ұстайық, Айналып тұрайық. Сәлем жолдайық. Қайырлы таң, қайырлы күн! -Сәлеметсіздер ме, қонақтар!</p>	<p>Шеңберге тұрып, тәрбиешімен бірге қайталап, қонақтармен амандасады.</p>
<p>Балаларды ізденушілікке ұйымдастыру</p>	<p>Тосын сый: -Есік қағылады. Қоян кіреді, қолында себеті бар. -Қараңдаршы, балалар бізге қонаққа не келді? -Қоян, сендерге құр қол келмепті. Қолында себеті бар екен. -Себеттің ішінде не бар? Кәне, көрейік. Бұнын бәрін бір сөзбен, біз жемістер деп атаймыз. -Қалай атаймыз? Ойын: «Сиқырлы қапшық» Қапшыққа салып, қарамай ішінде қандай жеміс бар екенін айтайық. -Өте дұрыс балалар. Жемістерді жақсы біледі екенсіңдер. -Мына жердегі суретке қарайықшы. Ойын: «Бөлшегін тап» Үстел үстіндегі екіге бөлінген (алма, өрік, апелсин) жемістерді құрастырып көрейікші. -Дұрыс балалар! Өрік-кішкентай дөңгелек. -Дұрыс балалар. Қазақша өрік, орысша абрикос дейміз. Не ол? Өрік ағашта өседі. Ол жаз мезгілінде піседі. -Бүгін біз кішкентай дөңгелекті салып үйренеміз.Кәне ауада дөңгелекті салып көрейікші. -Өріктің түсі қандай? — Олай болса, балалар бүгін біз өріктің суретін салып үйренеміз. -Дұрыс балалар, өріктің түсі сары болғандықтан қолымыздың сұр саусағымыздың ұшын суға батырып, сары түсті субояқ аламыз. Салынған табақтың ішіне өріктің суретін саламыз. -Суретті бүгін біз балалар саусақпен саламыз. Сергіту сәті: Кел, балалар тұрайық. Алақанды соғайық. Бір отырып, бір тұрып. Орнымызды табайық. Балалар өріктің суретін табақша ішіне салуға кіріседі. Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі.</p>	<p>-Қоян келді. -Алма, банан, апелсин, өрік. -Жемістер. Балалар орналастырады. Балалар ауада дөңгелекті көрсетеді. -Абрикос. -Сары.</p>

Рефлексия (орындалған тапсырмалар негізінде қорытынды шығарып, кемшіліктерді жою)	Сұрақтар қойып тақырыпты қорытады: -Балалар, бүгін біз ненің суретін салдық? -Өрікті немен салдыңдар? -Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметі сендерге ұнады ма? Ендеше, «біреу және көп» ойынымен қорытындылау. Қоян сендерге риза болып кетті. Сендер бәрінде жақсы қатысып, суретті жақсы салдыңдар. -Енді келген қонақтарымызбен қоштасайық. (Қош, сау болыңыздар!).	Сұрақтарға толық жауап береді. Қонақтармен қоштасады.
--	---	---

Күтілетін нәтиже:**Біледі:** тапсырманы орындайды.**Түсінеді:** Өріктің суретін салуды.**Игереді:** саусақтың көмегімен сурет салу техникасын**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.